Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы

ҚОРЫТЫНДЫ

2025 жылғы 25 желтоқсан Петропавл қаласы

1. Қарау негізі

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 26)-тармақшасына сәйкес.

2. Өтініішхат нысанасы

ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру қызметтері.

3. Өтініішхатта көрсетілген әлеуетті жеткізуші туралы мәліметтер

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі облыстық орталық» ШЖҚ КМК (БСН 900140000107).

4. Алынған нәтижелердің қысқаша сипаттамасымен қарау шеңберінде жүргізілген іс-қимылдар тізбесі

4.1 «Қазақстан Республикасы бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ *(бұдан әрі - Департамент)* өтініш берушінің мәлімделген мемлекеттік кәсіпорынға қатысты басшылықты жүзеге асыру бөлігінде өкілеттіктерін тексеру мақсатында «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі облыстық орталық» ШЖҚ КМК-нің Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 291 қаулысымен бекітілген Жарғысы карастырылды.

4.2 АИТВ инфекциясының профилактикасына бағытталған қызметтер «АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № ҚР ДСМ-137/2020 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар – бұл жұқтыру қаупі жоғары осал топтар үшін АИТВ-инфекциясының алдын алуға бағытталған қызметтер кешені *(Халық арасында АИТВ-инфекциясының таралуына эпидемиологиялық мониторинг жүргізу, Халықтың негізгі топтарын емдеу-профилактикалық қызметтермен қамтамасыз ету, АИТВ-инфекциясының анадан ұрыққа және балаға берілуінің алдын алу қызметтері, Экспозицияға дейінгі және кейінгі профилактиканы көрсету қызметтері, АИТВ жұқтыру қаупін азайту үшін антиретровирустық терапияны көрсету қызметтері)*.

АИТВ инфекциясы жөніндегі іс-шаралар:

1) халық арасында, оның ішінде халықтың негізгі топтары арасында АИТВ инфекциясының таралуына эпидемиологиялық бақылау жүргізу;

2) ақпараттық материалдар, әлеуметтік желілер және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықтың әртүрлі топтарына АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша ақпарат беру;

3) АИТВ инфекциясының профилактикасы мәселелерін білім беру жүйесіне және жұмыс орындарына интеграциялау;

4) халықтың негізгі топтарына сенім пункттерінде, достық кабинеттерінде емдік-профилактикалық қызметтерін ұсыну;

5) мемлекеттік әлеуметтік гранттар мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды үкіметтік емес ұйымдар арқылы орналастыру және іске асыру;

6) донорлық пен трансплантаттаудың инфекциялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ халыққа тері қабаттары мен сілемейлі қабаттардың бүтіндігінің бұзылуына байланысты қызметтер көрсету кезінде;

7) АИТВ инфекциясының анадан ұрыққа және балаға берілуінің алдын алу;

8) жанасуға дейінгі және жанасудан кейінгі профилактиканы ұсыну;

9) диагноз қойылған сәттен бастап АИТВ инфекциясының берілу қаупін азайту үшін антиретровирустық терапияны ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ұқсас қызметтерді көрсетуге заңнамалық тыйымдардың немесе шектеулердің болуы талданды.

4.3 Департамент Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының шекарасында ұқсас қызметтерді көрсететін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бар немесе жоқтығын анықтау мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына және «Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігі ұлттық статистика бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ-не 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №01-23/02/921 сұрау хат жолдады.

4.4 https://goszakup.gov.kz (https://satypalu.gov.kz) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпаратқа мәлімделген көрсетілетін қызметтер бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысынан талдау жүргізілді.

5. Әрбір қарау кезеңі бойынша тұжырымдардың негіздемесі

5.1 «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі облыстық орталық» ШЖҚ КМК *(бұдан әрі - Кәсіпорын)* шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Кәсіпорын Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 495 қаулысына сәйкес құрылды.

Кәсіпорынның құрылтайшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады.

Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ болып табылады.

Кәсіпорынның орналасқан жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, 2-нші Кирпичная көшесі, 6/1-құрылыс.

5.2 Өтініш материалдарындағы мәліметтер негізінде Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының шекарасында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мәлімделген қызметтерді көрсетуге заңнамалық тыйымдар немесе шектеулер анықталған жоқ.

5.3 «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы ұсынған 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 03-15-19-06/25767 деректер бойынша «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер базасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының шекарасында жұқтыру қаупі жоғары халықтың осал топтарына АИТВ-инфекциясының алдын алуға бағытталған қызметтерді ұсынатын нарық субъектілері тіркелмеген.

«Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігі ұлттық статистика бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ 2025 жылғы 11 желтоқсандағы № 05-06/1763 ақпараты бойынша Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес келетін қызмет түрлерін сенімді анықтау мүмкін емес.

Осылайша, Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласының шекарасында осыған ұқсас қызмет көрсететін жеке кәсіпкерлік субъектілері жоқ.

5.4 https://goszakup.gov.kz (https://satypalu.gov.kz) мемлекеттік сатып алу порталында жарияланған ақпаратқа жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру қызметтері» көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысында мәліметтер анықталған жоқ.

6. Қорытындының қолданылу мерзімі

Осы қорытынды шартқа қол қойылған күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда жарамды.

7. Қорытынды беру үшін негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы түпкілікті шешім

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының шекарасында «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру қызметтері» көрсетілетін қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауына байланысты Департамент оң шешімімен қорытынды береді.

Қазақстан Республикасы
бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігінің
Солтүстік Қазақстан облысы
бойынша департаментінің басшысы **М.Хамзин**